

UDC 78.03:316.7
DOI 10.59850/SARYN.1.14.2026.306

Дана Тургуновна Ибрагим*

Өнер магистрі, Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің докторанты, музыкатану және композиция кафедрасының оқытушысы (Астана, Қазақстан)

ORCID ID: 0000-0001-6590-034X

email: a.dana.t46@gmail.com

Гульнар Туякбаевна Альпеисова

Өнертану кандидаты, Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің музыкатану және композиция кафедрасының профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (Астана, Қазақстан)

ORCID ID: 0000-0002-3516-4844

email: galpeissova@mail.ru

МАҚАЛА

МУЗЫКАЛЫҚ САЙЫСУ ДӘСТҮРІНДЕГІ АГОНИСТИКА: ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ КОНТЕКСТТЕР

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

* Жауапты автор

email: a.dana.t46@gmail.com

Редакцияға түсті: 18.08.2025

Басылымға қабылданды: 17.03.2026



© 2026 Автор(лар). Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы жариялаған. Осы мақала Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives (CC BY-NC-ND 4.0) лицензиясының шарттарына сәйкес таратылады (<http://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/>). Лицензия түпнұсқа еңбекке тиісті түрде сілтеме жасалған жағдайда материалды коммерциялық емес мақсатта пайдалануға, таратуға және кез келген тасымалдағышта көшіруге рұқсат береді. Сонымен қатар материалға өзгерістер енгізуге, оны өңдеуге немесе туынды шығармалар жасауға жол берілмейді.

Дәйексөз үшін

Ибрагим, Дана, және Гульнар Альпеисова. «Музыкалық сайысу дәстүріндегі агонистика: қазақ және еуропалық контексттер». *Saryn*, т. 14, № 1, 2026, 99–120 б., DOI: <https://doi.org/10.59850/SARYN.1.14.2026.306>.

Тірек сөздер

Музыкалық-поэтикалық сайыс, айтыс, музыкалық агонистика, қазақ мәдениеті, еуропалық мәдениет, күй тартыс, эпикалық шайқас, агонистік жады.

Жасанды интеллект құралдарын пайдалану туралы мәлімдеме

Біз, мақала авторлары, осы мақаланы дайындау кезінде жасанды интеллект (AI) құралдарын тек мәтінді тілдік редакциялау, стилистиканы жақсарту және жеке сөйлемдерді қайта құру мақсатында қолдандық. Осы мақсатта ChatGPT (OpenAI компаниясы) бағдарламалық жасақтамасы қолданылды.

Жасанды интеллект (ChatGPT) тек мәтінді редакциялау кезеңінде қолданылды және талдау жүргізу, нәтижелерді түсіндіру, қорытынды жасау немесе деректерді құру үшін қолданылмады. Барлық идеялар, зерттеу құрылымы, дереккөздерді талдау, нәтижелерді түсіндіру және қорытынды тұжырымдар бізге, мақала авторларына тиесілі.

Біз, мақала авторлары, мақаланың мазмұнына, ұсынылған деректердің дұрыстығына, дәйексөздің дұрыстығына және мәтіннің жарияланымдардың академиялық және этикалық стандарттарына сәйкестігіне толық жауаптымыз.

Аңдатпа. Мақалада қазақ және еуропалық мәдениеттердегі музыкалық-поэтикалық сайысу дәстүрлерінің тарихи тамырлары мен қазіргі қоғамдағы рөлі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – музыкалық сайысу тәжірибелеріндегі агонистикалық принциптердің құрылымдық, музыкалық және перформативтік механизмдерін анықтау және олардың қазақ пен еуропалық мәдениеттердегі репрезентациясын салыстыру. Айтыс бұл зерттеуде қазақ мәдени кеңістігіндегі агонистиканың репрезентативті формасы ретінде талданады. Зерттеуде салыстырмалы-тарихи әдіс (қалыптасу контексттерін, тарихи сабақтастықты зерделеу), типологиялық талдау (жанрлық және функциялық ерекшеліктерін жүйелеу), мәдениеттанулық талдау (қоғамдағы символдық рөлін анықтау) кешенді түрде қолданылды. Сонымен қатар, этномузыкалық тәсілдер мен құрылымдық-фразалық салыстыру негізінде айтыс пен басқа да импровизациялық модельдердің ладтық, ырғақтық және интонациялық құрылымдары зерттелді. Айтыстың орындаушылық шеберлікке, мәтін мен саз синтезіне, аудиториямен диалогқа негізделген агонистикалық құрылымы көрсетілді. Еуропалық үлгілерде сайысу элементтері көбіне тарихи-фольклорлық сипатта сақталған. Айтыс заманауи форматтарға бейімделіп, медиа мен халықаралық алаңдарға шыққанымен, мәдени код ретінде маңызын жоғалтпаған. Айтыс – қазақ мәдениетінің агонистикалық жадысын бейнелейтін, кәсіби орындаушылық пен ұлттық бірегейлікті нығайтатын феномен. Бұл зерттеу айтысты кросс-мәдени өзара ықпалдастық пен білім беру кеңістігінде қолданудың жаңа теориялық негізін ұсынады.

Авторлардың үлесі

Д. Т. Ибрагим – көркемдік орындаушылық интерпретацияның функциялары негізінде зерттеу бағыты мен әдіснамасын әзірлеу, дереккөздермен жұмыс, деректерді талдау және жүйелеу, мәтін жазу, мақаланы рәсімдеу.

Г. Т. Альпеисова – пайдаланылған дереккөздерді іріктеу, ғылыми әдебиеттерді талдау, зерттеу тұжырымдамасын қалыптастыру, сыни талдау, зерттеу мақсаты мен міндеттерін қою, нәтижелерді концептуалдау, мәтін жазу, мақала мәтінін барлық кезеңдерде жан-жақты өңдеу.

UDC 78.03:316.7
DOI 10.59850/SARYN.1.14.2026.306

Dana Ibragim*

MA, Teacher, Musicology and Composition Department,
Kulyash Baisseitova Kazakh National University of Arts (Astana, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0001-6590-034X

email: a.dana.t46@gmail.com

Gulnar Alpeissova

PhD in Arts, Professor, Musicology and Composition Department,
Kulyash Baisseitova Kazakh National University of Arts,
Honored Worker of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0002-3516-4844

email: galpeissova@mail.ru

ARTICLE

AGONISTIC PRINCIPLES IN MUSICAL-COMPETITIVE TRADITIONS: KAZAKH AND EUROPEAN CONTEXTS

The authors have reviewed and approved the final manuscript and affirm that there is no conflict of interest.

* Corresponding author

email: a.dana.t46@gmail.com

Received by editorial: 18.08.2025

Accepted to publish: 17.03.2026



© 2026 The Author(s). Published by Kurmangazy Kazakh National Conservatory. This is an Open Access article distributed under the terms of the Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives License (<http://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/>), which permits non-commercial re-use, distribution, and reproduction in any medium, provided the original work is properly cited, and is not altered, transformed, or built upon in any way.

CITE

Ibragim, Dana, and Gulnar Alpeissova. "Agonistic Principles in Musical-Competitive Traditions: Kazakh and European Contexts." *Saryn*, vol. 14, no. 1, 2026, pp. 99–120, DOI: <https://doi.org/10.59850/SARYN.1.14.2026.306>. (In Kazakh)

KEYWORDS

Musical and poetic competition, aitys, musical agonistics, Kazakh culture, European culture, agonistic memory.

DECLARATION OF GENERATIVE AI

We, the authors of the article, have used artificial intelligence (AI) tools during the preparation of this manuscript exclusively for the purposes of linguistic editing, stylistic improvement, and the rephrasing of specific sentences. For these purposes, the ChatGPT software (OpenAI) was utilized.

ChatGPT was used only during editing stage and was not applied to conduct analysis, interpret results, formulate conclusions or generate scholar data. All ideas, structure of the study, source analysis, interpretation of results and final conclusions are the original work of the authors.

We, the authors, are fully responsible for the content of the article, the reliability of the data presented, the correctness of the citation, and the compliance of the text with the academic and ethical standards of publications.

ABSTRACT. The article examines the historical roots of musical and poetic competitive traditions in Kazakh and European cultures and their role in modern society. The purpose of the study is to identify the structural, musical, and performative mechanisms of agonistic principles in musical competition practices and to compare their representations in Kazakh and European cultural contexts. From this perspective, *aitys* is examined as a representative model of musical agonistics in Kazakh culture. A comprehensive approach was applied to analyze *aitys*, including ethnomusicological methods (identifying modal, rhythmic, and intonational features), systematization of genre characteristics, and cultural analysis (defining its symbolic role in society). Furthermore, based on ethnomusicological methods and structural-phrase comparison, the modal, rhythmic, and intonational structures of *aitys* and other improvisational models were examined. *Aitys* demonstrates an agonistic structure based on performative skill, the synthesis of text and music, and audience interaction. In European traditions, competitive elements are largely preserved within a historical and folkloric context. *Aitys*, while adapting to modern formats including media and international platforms, retains its significance as a cultural code. *Aitys* is a phenomenon that embodies the agonistic memory of Kazakh culture, enhancing performers' professional skills and reinforcing national identity. This study provides a new theoretical basis for the use of *aitys* in cross-cultural interaction and educational contexts.

CONTRIBUTIONS OF AUTHORS

Dana Ibragim – development of the research direction and methodology based on the artistic functions of performance interpretation; source study and archival research; analysis and systematization of data; drafting the manuscript and conceptualizing the results; article formatting.

Gulnar Alpeissova – selection of sources and literature review; formation of the research concept and critical analysis; setting the aim and objectives of the research; drafting the manuscript and comprehensive editing at all stages; conceptualization of results.

UDC 78.03:316.7
DOI 10.59850/SARYN.1.14.2026.306

Дана Тургуновна Ибрагим*

Магистр искусств, преподаватель кафедры музыковедения и композиции
Казахского национального университета искусств имени Куляш Байсеитовой
(Астана, Казахстан)

ORCID ID: 0000-0001-6590-034X

email: a.dana.t46@gmail.com

Гульнар Туякбаевна Альпеисова

Кандидат искусствоведения, профессор кафедры музыковедения и композиции
Казахского национального университета искусств имени Куляш Байсеитовой,
заслуженный деятель Казахстана (Астана, Казахстан)

ORCID ID: 0000-0002-3516-4844

email: galpeissova@mail.ru

СТАТЬЯ

АГОНИСТИКА В МУЗЫКАЛЬНО- СОРЕВНОВАТЕЛЬНЫХ ТРАДИЦИЯХ: КАЗАХСКИЙ И ЕВРОПЕЙСКИЙ КОНТЕКСТЫ

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

* Корреспондирующий автор

email: a.dana.t46@gmail.com

Поступила в редакцию: 18.08.2025

Принята к публикации: 17.03.2026



© 2026 Автор(ы). Опубликовано Казахской национальной консерваторией имени Курмангазы. Настоящая статья распространяется на условиях лицензии Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives (CC BY-NC-ND 4.0) (<http://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/>), которая разрешает некоммерческое использование, распространение и воспроизведение материала на любом носителе при условии надлежащего цитирования оригинальной работы, без внесения изменений, переработки или создания производных материалов.

Для цитирования

Ибрагим, Дана, и Гульнар Альпеисова. «Агонистика в музыкально-соревновательных традициях: казахский и европейский контексты». *Saryn*, т. 14, № 1, 2026, с. 99–120. DOI: <https://doi.org/10.59850/SARYN.1.14.2026.306>. (На казахском)

Ключевые слова

Музыкально-поэтическое состязание, айтыс, музыкальная агонистика, казахская культура, европейская культура, агонистическая память.

Заявление об использовании инструментов Искусственного Интеллекта

Мы, авторы статьи, при подготовке данной работы использовали инструменты искусственного интеллекта (ИИ) исключительно в целях языкового редактирования текста, улучшения стилистики и переформулирования отдельных предложений. Для этих целей применялось программное обеспечение ChatGPT (компания OpenAI). ИИ (ChatGPT) использовался только на этапе редактирования текста и не применялся для проведения анализа, интерпретации результатов, формирования выводов или генерации научных данных. Все идеи, структура исследования, анализ источников, интерпретация результатов и окончательные выводы принадлежат нам, авторам статьи.

Мы, авторы статьи, полностью несем ответственность за содержание исследования, достоверность представленных данных, корректность цитирования и соответствие текста академическим и этическим стандартам научных публикаций.

Аннотация. В статье рассматриваются исторические корни традиций музыкально-поэтического состязания в казахской и европейской культурах и их роль в современном обществе. Цель исследования – выявить структурные, музыкальные и перформативные механизмы агонистических принципов в практиках музыкального состязания и сопоставить их репрезентации в казахском и европейском культурных контекстах. В данном ракурсе айтыс рассматривается как репрезентативная модель музыкальной агонистики в казахской культуре. Для анализа айтыса были комплексно применены методы этномузыкологического анализа (выявление ладовых, ритмических и интонационных особенностей), систематизация жанровых характеристик, культурологический анализ (определение символической роли в обществе). Кроме того, на основе этномузыкальных подходов и структурно-фразового сравнения были исследованы ладовые, ритмические и интонационные структуры айтыса и других импровизационных моделей. Показано, что айтыс обладает агонистической структурой, основанной на исполнительском мастерстве, синтезе текста и музыки, а также диалоге с аудиторией. В европейских традициях элементы соревновательности в основном сохраняются в историко-фольклорном контексте. Айтыс, адаптируясь к современным форматам, включая медиа и международные площадки, сохраняет свою значимость как культурный код. Айтыс является феноменом, отражающим агонистическую память казахской культуры, укрепляющим профессиональное мастерство исполнителей и национальную идентичность. Данное исследование предлагает новую теоретическую основу для применения айтыса в кросс-культурной коммуникации и образовательной практике.

Вклад авторов

Д. Т. Ибрагим – разработка направления и методологии исследования на основе художественных функций исполнительской интерпретации, работа с источниками, анализ и систематизация данных, написание текста, концептуализация результатов, оформление статьи.

Г. Т. Альпеисова – подбор используемых источников, анализ научной литературы, формирование концепции исследования, критический анализ, постановка цели и задач исследования, написание текста, комплексная редакция текста статьи на всех этапах, концептуализация результатов.

Кіріспе

Музыкалық-поэтикалық жарыстар – бұл өнердің, әлеуметтік коммуникацияның және мәдени дәстүрдің тоғысындағы ерекше құбылыс. Әлем халықтарының рухани тәжірибесінде мұндай сайыстар ежелден адам шығармашылығының маңызды түрі ретінде қалыптасқан. Оның негізгі құрамдас бөлігі – музыкалық агонистика, ол заманауи зерттеулерде импровизацияны, перформативтік әрекетті (performativity) және жарыс динамикасын біріктіретін күрделі модель ретінде қарастырылады. Joshua Bergamin музыкалық импровизацияны “participatory sense-making” формасы ретінде сипаттай отырып, музыкалық шешімдердің тек орындаушылар арасындағы өзара әрекет нәтижесінде ғана емес, сонымен қатар материалдық орта мен үнемі өзгеріп отыратын музыкалық жағдаймен байланыста қалыптасатынын атап өтеді (Bergamin 2). Michela Garda пікірінше, музыкалық импровизациялық практикалар жаңа есту және моторлық байланыстарды қалыптастырып, бүйірлік ойлау (“lateral thinking”) мен қолайлы уақытты дәл сезіну (“kairos”) қабілетін дамытады; нәтижесінде олар репродуктивті емес, трансформациялық үдерістерге негізделеді (8).

Музыкалық сайысу дәстүрлерін агонистикалық мәдени модель ретінде қарастыру қазіргі этномузикатану мен мәдениеттанудың өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Бұл тұрғыда қазақ айтысы музыкалық агонистиканың репрезентативті формасы ретінде ерекше ғылыми қызығушылық тудырады. Айтыс пен еуропалық музыкалық-поэтикалық сайыс формаларын салыстыру музыкалық құрылым, орындаушылық стратегиялар және перформативтік механизмдер деңгейіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Әртүрлі өркениеттердегі агонистикалық тәжірибелерді талдау музыкалық формалардың эволюциясы мен олардың әлеуметтік функцияларын тереңірек түсіндіруге жағдай жасайды.

Айтыстың музыкалық табиғатын сипаттайтын ладтық, ырғақтық және интонациялық параметрлер бүгінгі этномузикатану ғылымында импровизациялық жүйелерді салыстырудың негізгі әдіснамалық өлшемдері ретінде танылып отыр.

Қазақ айтысының музыкалық табиғатын ғылыми тұрғыда алғаш жүйелеген зерттеушілердің бірі – Едіге Тұрсынов. Ол айтыс мәдениетінің генезисін жыраулық-жыршылық мектеппен байланыстырып, айтыс құрылымындағы ритмдік формулалар, орындаушының интонациялық жүрістері, сондай-ақ домбыра сүйемелінің әлеуметтік-коммуникативтік рөлі туралы маңызды тұжырымдар жасайды (Тұрсынов 150).

Айтыстың музыкалық жүйесіне арналған ең толық еңбек – Жангул Кожаметованың «Музыка казахского айтыса»¹ монографиясы. Автор айтыстың музыкалық табиғатын талдай отырып, айтыскерлердің орындауындағы әуеннің құрылымы мен оның көркемдік қызметін сипаттайды. Зерттеуде айтыстағы музыкалық компоненттің поэтикалық мәтінмен тығыз байланыста жүзеге асатыны, оның көркемдік әсерді күшейтіп, мазмұнды жеткізудегі маңызды рөл атқаратыны көрсетіледі. Бұл айтыстың поэтикалық жарыс қана емес, өзіндік музыкалық ұйымдасуы бар импровизациялық жанр екенін дәлелдейді (Кожаметова 13).

Еуропа мәдениетінде бұл құбылыс антикалық дәуірдегі грек аэдтері

1 Қазақ айтысының музыкасы – редакцияның аудармасы.

мен риторларының жарыстарынан бастау алып, орта ғасырлардағы трубадурлар, труверлер, миннезингерлер мен мейстерзингерлер поэтикалық сайыстарында жалғасын тапты. Бұл жарыстар тек өнер көрсетудің формасы ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы моральдық ұстанымдар мен дүниетанымды білдіру құралына айналды. Қазақ халқының дәстүрінде айтыс осы музыкалық-поэтикалық жарыстардың бірегей көрінісі ретінде ерекше орын алады.

Қазіргі кезеңде айтыс өзінің ұлттық сахна шеңберінен шығып, жаңа медиамәдениет алаңында дамып келеді. Интернет-айтыстар мен телевизиялық жобалар бұл дәстүрді жас ұрпаққа жеткізудің тиімді құралына айналды (Zhalgasbayeva 101). Бұл айтыстың заманауи қоғамдағы әлеуметтік-мәдени рөлін күшейте түсті.

Зерттеудің мақсаты – музыкалық сайысу дәстүрлеріндегі агонистикалық механизмдердің музыкалық және перформативтік табиғатын айқындау және олардың қазақ пен еуропалық мәдениеттердегі көріністерін салыстыру. Айтыс бұл зерттеуде қазақ мәдени контекстіндегі агонистиканың репрезентативті моделі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, музыкалық сайыстардың аясында агонистиканың рөлін жүйелі түрде зерттеу өзекті болып табылады. Бұл мақалада агонистика өнер бәсекелестігінің құрылымдық негізі әрі орындаушылық шеберлік, әлеуметтік мәртебе және мәдени ықпалдылық қалыптастырудың негізгі факторы ретінде қарастырылады. Қазақ айтысы мен еуропалық музыкалық сайысу дәстүрлерін салыстыру арқылы агонистиканың орындаушының танымалдығы мен қоғамдағы беделін арттырудағы ықпалы ашылады. Осы зерттеу сапалық сипаттағы салыстырмалы талдауға негізделген. Зерттеудің объектісі – музыкалық-поэтикалық сайысу дәстүрлеріндегі агонистикалық өзара әрекет модельдері. Зерттеудің пәні – қазақ айтысы мен еуропалық импровизациялық сайыс формаларындағы агонистиканың музыкалық-құрылымдық және перформативтік механизмдері. Зерттеу аясында айтыс феномені еуропалық импровизациялық сайыс формаларымен (poetry slam, rap battle, jazz improvisation duels) құрылымдық және музыкалық параметрлер бойынша салыстырылады.

Әдеби шолу

Зерттеудің теориялық негізі ретінде агонистика ұғымының қазіргі гуманитарлық ғылымдардағы интерпретациялары алынды. Соңғы жылдары агонистика демократиялық дискурсты, білім беруді және медиакоммуникацияны сипаттайтын аналитикалық модель ретінде жиі қолданылып келеді. Ásgeir Tryggvason еңбегінде агонистік педагогика қақтығыстарды жоюға емес, оларды демократиялық өзара әрекеттесу аясында реттеп, білім беру үдерісінде пайдалануға негізделгені көрсетіледі; осыған сәйкес агонистика қақтығыстарды қайта ұйымдастыруға бағытталған қатынас формасы ретінде түсіндіріледі (280). Бұл теориялық тұғыр музыкалық сайысу дәстүрлерін де “agonistic arena” ретінде қарастыруға, яғни орындаушылардың шеберлігі ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік статусы, құндылықтары және идеологиялық ұстанымдары айқындалатын сахналық кеңістік ретінде талдауға мүмкіндік береді.

Қазақ айтысының музыкалық формасы әртүрлі болып келеді және белгілі бір қалыптасқан әуендік-құрылымдық үлгілерге сүйенеді. Айтыста негізінен строфалық

(әнге жақын) және тирадалық (жыр, речитативке ұқсас) формалар кездеседі. Олар көбіне 2, 4, 6 немесе 8 тармақтан тұрады, кейде қайырмамен, кейде қайырмасыз айтылады. Бұл формалар мелострофа мен мелотирада принциптері арқылы құрылады және сөз бен әуен бір-бірімен тығыз байланыста болады. Осындай ерекшеліктеріне байланысты айтысты өзіне тән құрылымы бар музыкалық-поэтикалық жанр деп қарастыруға болады (Кожаметова 22).

Музыкалық импровизацияға арналған заманауи зерттеулер агонистиканың орындаушылық практикада қалай көрінетінін жан-жақты әдістермен ашуда. Veronika Diaz Abraham және әріптестері музыкалық импровизация барысында қатысушылар арасында өзара әрекет пен бейвербалды коммуникацияның күшейетінін, сондай-ақ бірлескен орындау үдерісінде рөлдік бөлініс пен диалогтық өзара әрекет формаларының қалыптасатынын көрсетеді (13).

Зерттеу нәтижелері импровизацияның мәні тек шығармашылық еркіндікте емес, нақты уақытта жүзеге асатын, өзара бейімделу мен жауап әрекеттеріне негізделген үдеріс екенін көрсетеді. Осы тұрғыда музыкалық импровизациядағы агенттілік, тәуекел және бақылау қатынастары өзара сабақтастықта қарастырылады. Bergamini феноменологиялық талдау негізінде импровизация барысында шешім қабылдау музыканттың қалыптасқан дағдылары мен нақты музыкалық жағдай арасындағы өзара әрекеттесу нәтижесінде жүзеге асатынын атап өтеді (10). Ал Garda перформативтік тәжірибелерді түсіндіруде уақыт, бақылау және тәуекел ұғымдарының өзара байланысын негіздей отырып (2), орындау әрекетінің белгісіздік жағдайында жүзеге асатынын және қателесу мүмкіндігімен қатар жүретінін көрсетеді (4); осыған сәйкес тәуекел кез келген орындау тәжірибесінің маңызды сипаты ретінде қарастырылады (5). Такауки Nozawa бастаған нейроғылыми зерттеу ансамбльдік импровизация кезінде музыканттар миының көпдеңгейлі синхрондану динамикасын талдап (10), «импровизациялық сана күйі» неғұрлым еркін болған сайын, орындаушылар арасындағы үйлесім мен ұжымдық бейімделу артып, бірлесудің күрделі теңгерімі қалыптасатынын табады (2).

Импровизацияның педагогикалық және психологиялық аспектілерін қарастырған жұмыстар да музыкалық агонистиканың қырларын аша түседі.

Emily Sayers Солтүстік Үнді классикалық музыкасы шеңберінде импровизациялық және жатталған репертуар дағдылары негізінен ауызша үйрету, еліктеу және вариациялау арқылы қалыптасатынын көрсетеді. Сабақ барысында шәкірттер ұстаздың музыкалық фразаларын қайталап, оларды өзгертіп немесе толықтырып отырады, бұл өз кезегінде шығармашылық өзара әрекет пен импровизациялық ойлаудың дамуына ықпал етеді (5–6). Christabel Heasman-Cossins және әріптестері вокалдық коучинг тәжірибесінде импровизацияның музыкалық орындау алдындағы мазасыздықты төмендетуге ықпал ететінін көрсетеді. Авторлардың пайымдауынша, импровизация барысында орындаушы «дұрыс орындауға» емес, шығармашылық үдеріске назар аударады (10). Бұл жағдайды агонистік тұрғыда қарастыруға болады, өйткені орындау үдерісі қатаң бақылауға емес, өзара әрекеттесу мен ашық нәтижеге бағытталған динамикалық тәжірибе ретінде жүзеге асады. Ал клиникалық импровизацияға арналған компьютерлік талдау зерттеулері терапевт пен клиент арасындағы музыкалық диалог түрлерін (жетектеу, қарсы тұру, қақтығыс, келісім)

автоматты түрде жіктеу мүмкіндігін көрсетеді; бұл музыкалық қарым-қатынастың да көп жағдайда реттелген қақтығыс пен келіссөз логикасына сүйенетінін айқындайды (Vobig 15).

Еуропалық контекстте музыкалық-поэтикалық сайысу дәстүрінің маңызды бір тармағы – poetry slam (поэзиялық слэм), spoken word (сөйлеу ырғағы) және басқа да сахналық поэзия формалары. Helen Thomas заманауи поэзия перформанстарын зерттей отырып, poetry slam сахнасын түрлі дәстүрлердің – хип-хоп баттл, пабтық оқулар, театрлық перформанс пен интернет-мәдениеттің – тоғысқан алаңы ретінде сипаттайды; бұл алаңда орындаушы мәтін сапасы үшін ғана емес, залмен байланыс, дене қимылы, дауыс ырғағы арқылы да жеңіс үшін күреседі (5).

«Перформативтік тәжірибе мен медиатизация арасындағы аудиоәдеби поэзия» (“Audio literary Poetry between Performance and Mediatization”) жинағындағы poetry slam-ге арналған тарауларда ол рамкалық талдау тұрғысынан қарастырылып, сайыстың жазба мәтіннен гөрі оқиға, жағдай және қатысушылар арасындағы күш қатынастарына негізделетіні айтылады (Fisco 102). Мұнда поэзиялық перформанс «кәсіби әуесқойлық» феноменімен сипатталады: poetry slam тәжірибесінде әуесқойлық эстетика кәсіби түрде қайта өндіріледі және әдеби әрі медиа индустриядан саналы түрде ажыратылады (Wehmeier 236).

Еуропалық және америкалық slam-сахналар жөніндегі эмпирикалық зерттеулер бұл құбылыстың әлеуметтік-мәдени ауқымын кеңейтеді. Мысалы, Camea Davis spoken word және poetry slam кеңістіктерін қатысушыларға әлеуметтік және саяси мәселелерді көтеруге мүмкіндік беретін коммуникативтік орта ретінде сипаттайды, ал poetry slam орындау формасының бәсекелестік сипаты ерекше атап өтіледі (118).

Қазақ контекстінде айтыс жанрын зерттеген заманауи еңбектер агонистикалық дәстүрдің тарихи сабақтастығы мен қазіргі трансформацияларын бірнеше бағытта қарастырады. Aigul Yerlanova және әріптестері айтысты постколониялық дискурс тұрғысынан талдап, оның Ресей империялық және кеңестік кезеңдерде идеологиялық құрал ретінде қолданылғанын, алайда осы тарихи үдерістерге қарамастан, айтыстың ұлттық өзіндік сананы сақтаудың және отарлық дискурсты іштен сынға алудың алаңы болып қала бергенін көрсетеді (863). Мақалада тәуелсіздік кезеңіндегі айтыстың деколонизация, мәдени жаңғыру және цифрлық платформаларға көшу контекстінде жаңа мазмұнмен баюы, сондай-ақ поэтикалық тартыстың бүгінгі саяси-қоғамдық пікірталастармен байланысы айқындалады.

Nurgul Mursalimova және Aigerim Oralbek ақындар айтысының жиналу тарихын қолжазбалар негізінде қарастырып, айтыстың аймақтық мектептері мен жергілікті дәстүр жалғастығын құжаттық деңгейде көрсетеді, бұл айтыстың тарихи тұрғыдан қалыптасқан мәдени дәстүр ретінде дамығанын дәлелдейді (145).

Кеңірек алғанда, Veibit Shangirbayeva еңбегі қазақ көшпелі дәстүріндегі «әділ сөз бостандығы» ұғымын талдап, би, жырау және ақындар институттары арқылы азаматтық және мәдени құқықтардың жүзеге асу тетіктерін сипаттайды (445). Автор тарихи деректер мен қазіргі тәжірибені байланыстыра отырып, айтыс пен жалпы шешендік өнердегі агонистикалық сөйлеу формаларының бүгінгі құқықтық және саяси дискурсқа әсерін көрсетеді: әділ сөз – бір жағынан қарсылық, екінші жағынан әлеуметтік келісімге келу механизмі. Бұл тұжырым музыкатанулық

емес, құқықтық-мәдени ракурстан қарастырылғанымен, қазақ айтысының агонистикалық табиғатын түсіндіруде маңызды теориялық тірек қызметін атқарады.

Осылайша, 2022–2025 жылдары жарық көрген еңбектер музыкалық импровизация, poetry slam және қазақ айтысы шеңберінде агонистиканың түрлі қырларын – нейроғылыми, педагогикалық, феноменологиялық, постколониялық және құқықтық-мәдени өлшемдерін – жан-жақты сипаттайды. Дегенмен, әдебиетке шолу көрсеткендей, қазақ айтысы мен еуропалық музыкалық-поэтикалық сайыстарды (poetry slam, rap battle, jazz improvisation duels және классикалық сайыстар) бір ортақ агонистикалық модель аясында кешенді түрде салыстыратын арнайы зерттеулер әлі де аз. Сол себепті зерттеудің ғылыми жаңалығы айтыс феноменін агонистикалық музыкалық модель ретінде қарастыруында.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің эмпирикалық және аналитикалық материалы ретінде қазақ айтысының дәстүрлі және заманауи үлгілері, сондай-ақ еуропалық музыкалық-поэтикалық сайысудың импровизациялық формалары (poetry slam, rap battle, jazz improvisation duels) алынды. Еуропалық жанрларды іріктеу үш негізгі критерий бойынша жүзеге асырылды:

1. импровизация элементінің болуы;
2. көрерменнің немесе қауымдастықтың бағалау функциясының сақталуы;
3. орындаудың сахналық-перформативтік сипаты.

Талдау бірліктері ретінде ладтық құрылым, ырғақтық ұйымдасу, фразировка, интонациялық модельдер және орындаушы мен аудитория арасындағы интеракция қарастырылды.

Бұл зерттеу музыкалық сайысу дәстүріндегі агонистикалық модельдерді кешенді әрі көпқырлы тәсілдермен талдауға бағытталды. Зерттеу логикасы тарихи эволюцияны, музыкалық құрылымды және перформативтік сипаттамаларды біртұтас жүйе ретінде қарастыруға негізделді.

Ең алдымен, салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылып, қазақ айтысының, сондай-ақ Еуропа өркениеттеріндегі импровизациялық-бәсекелік формалардың қалыптасу кезеңдері мен тарихи сабақтастығы сарапталды. Бұл тәсіл әр мәдени ортада бәсекелестік элементтерінің пайда болу себептерін, олардың әлеуметтік және дүниетанымдық негіздерін, сондай-ақ дәстүрдің уақыт өте трансформациялану логикасын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің негізгі өзегін музыкалық-типологиялық талдау құрайды. Бұл әдіс айтыс өнерін тек мәтіндік немесе орындаушылық феномен ретінде емес, толыққанды музыкалық құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Типологиялық талдау барысында айтыс пен Еуропадағы заманауи импровизациялық формалардың (poetry slam, rap battle, jazz improvisation duels) музыкалық құрылымы жүйелі түрде салыстырылды. Талдаудың өзегін музыкалық параметрлер – ладтық негіз, ырғақтық ұйымдасу, фразировка сипаты, интонациялық өрнектер, перформативтік модуляциялар – құрады. Айтысқа тән қоңыр және пентатониялық интонация, сөйлеу ырғағына құрылған ритмикалық формулалар және домбыра сүйемелінің фразалық динамикасына қарама-қарсы, еуропалық үлгілердегі метрлік канондар, рәпке тән

акцентуалды синкопалар, poetry slam-дегі сөзді драматургиялық ұйымдастыру, сондай-ақ джаз импровизациясындағы аккордтық прогрессияға негізделген фразалық шешімдер кешенді түрде қарастырылды.

Музыкалық салыстырумен қатар орындаушылық техника да зерттеудің маңызды элементі болды. Айтыста домбыра сүйемелі ақынның сөздік импровизациясымен біте қайнасып, динамикалық жауап беруді қамтамасыз етсе, slam немесе rap battle форматтарында ырғақ акценттері дауыс интонациясы арқылы қалыптасады, ал джаз дуэльдерінде бәсекелестік тікелей музыкалық импровизация арқылы көрінеді. Осы айырмашылықтар аясында әр жанрдағы агонистикалық элементтердің көріну механизмі сараланды.

Мәдениеттанулық талдау түрлі дәстүрлердің әлеуметтік қызметін, қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлін және символдық маңызын анықтауға бағытталды. Айтыстағы риторикалық қауымдастық, әлеуметтік сын айту тәжірибесі мен ұлттық мәдени жадты жаңғырту тәсілдері slam-сахнадағы азаматтық ұстанымдармен, rap battle-дағы қарсылық дискурстарымен және джаздағы шығармашылық еркіндік моделдерімен салыстырыла отырып қарастырылды. Бұл әдіс агонистиканы тек эстетикалық жарыс емес, әлеуметтік коммуникацияның маңызды тетігі ретінде пайымдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу материалы ретінде ежелгі және ортағасырлық дереккөздермен қатар, 2021–2025 жылдары жарық көрген музыкалық импровизация, performative studies және мәдени агонистика жөніндегі ғылыми еңбектер, сондай-ақ қазақ айтысына арналған заманауи зерттеулер пайдаланылды. Еуропалық заманауи модельдерді таңдауда үш негізгі критерий сақталды: жанрда импровизация элементінің болуы; көрерменнің төрелік не бағалау функциясы арқылы бәсекелестік тетігінің анық көрінуі; музыкалық немесе поэтикалық әрекеттің сахналық-перформативтік сипат алуы. Бұл критерийлер айтыс пен қазіргі еуропалық импровизация дәстүрлерін бір ортақ агонистикалық жүйе аясында салыстыруға мүмкіндік берді.

Осы әдістердің өзара үйлесімді қолданылуы зерттеліп отырған құбылыстың тарихи-функционалдық негізін, музыкалық құрылымдық ерекшеліктерін және оның заманауи мәдени кеңістіктегі трансформациясын көпәспектiлi тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесі ретінде музыкалық агонистиканың қазақ және еуропалық дәстүрлердегі құрылымдық, перформативтік және мәдени мағыналары салыстырмалы түрде терең ашылды.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижесінде музыкалық агонистика әр дәстүрде өзіндік ладтық, ырғақтық және фразалық модельдер арқылы көрінетінін анықтауға мүмкіндік берді. Қазақ айтысында импровизациялық сөйлеу ағыны әуендік пентатониялық формулалармен, қайталанатын интервалдық қозғалыстармен және домбыраның тұрақты пульсациялық фразировкасымен бірге жүреді. Әр тармақ аяқталған сайын домбыраның каденциялық сүйемелі импровизациялық жауап ретінде естіледі. Бұл құрылым айтыс импровизациясының нақты музыкалық каркасын құрайды.

Қазіргі еуропалық сахналық агонистиканың музыкалық негізін poetry slam, rap battles және jazz improvisation duels сияқты импровизациялық жанрлар құрайды.

Poetry slam-да интонациялық-перформативтік экспрессия негізгі рөл атқарса, rap battle-дарда ритмикалық flow, акценттік панчлайндар және beat құрылымы жарыстың өзегін құрайды. Ал джаз импровизациясында орындаушылар call-response, phrasing және harmonic progression арқылы бәсекелес шабыт формаларын жасайды. Осы үш жанрды бір агонистикалық модель аясында біріктіретін фактор – импровизацияның жарыстық жағдайда, көрермен реакциясына тікелей тәуелді түрде жүзеге асуы. Бұл оларды айтыспен құрылымдық тұрғыдан салыстыруға мүмкіндік береді.

Айтыстың қазіргі дамуын жүйелі түрде қолдайтын жаңа мәдени платформалар – республикалық айтыс мектептері, өңірлік оқу студиялары және жас айтыскерлерге арналған шеберлік курстары. Бұл институттар импровизацияны – ритмдік реакция, вербалды flow және фразалық жауап беру техникасы – кәсіби деңгейде үйрететін орталықтарға айналды.

Айтыстың тұрақтылығы оның музыкалық құрылымының өзгермейтін өзегімен байланысты. Домбыра сүйемелінің импровизациялық формулалары, пентатониялық ладтық негіз, сөйлеу-ырғақтық фразировка және қарсыластың жолына дереу музыкалық-интонациялық жауап беру – жанрдың ғасырлар бойы сақталған басты ерекшеліктері. Телевизиялық форматқа өтсе де, осы музыкалық параметрлер айтыстың бәсекелік табиғатын бұзбай, керісінше қазіргі шарттарға бейімдеп отыр.








Айтыстағы бәсекелестік тек құрылым деңгейінде ғана емес, жанрлық әртүрлілікте де сақталды. Бүгінгі күнге дейін сүре айтыс (төзімділік пен терең білімді талап ететін ұзақ жарыс), қайым айтыс (рифмалық жолдар түріндегі репликалармен алмасу), өтірік айтыс (абсурд элементтері бар әзіл-оспақ, пародиялық формат), жұмбақ айтыс (жұмбақтарды пайдалана отырып айтыс) сияқты ежелгі айтыс түрлері жетіп, белсенді пайдаланылуда. Әр айтыс түрі өзіне тән музыкалық фразировкамен ерекшеленеді: сүре айтыста кең диапазондағы мелодиялық өріс қолданылса, қайым айтыста темп жылдамдап, ритмдік синкопалар күшейеді. Өтірік айтыста ирониялық интонациялар, ал жұмбақ айтыста пауза мен логикалық акценттердің музыкалық рөлі айқын байқалады. Осы музыкалық параметрлер жанрлар арасындағы құрылымдық айырмашылықтарды нақтылайды.

Айтыс жанрларының музыкалық құрылымдық айырмашылықтары агонистикалық динамикаға тікелей әсер етеді: темп, лад, синкопа және фразировка жарыстың жылдамдығы мен экспрессивтілігін анықтайды (1-ші кестені қараңыз).

Әр жанр өзінің ырғақтық, ладтық және фразалық ұйымдасуымен ерекшеленеді. Мысалы, сүре айтыста кең тынысты фразалар мен баяу темп, қайым айтыста жылдам ритмикалық құрылым мен синкопа, ал өтірік айтыста еркін фразалық импровизация тән. Домбыра сүйемелі айтыста ритмдік тірек әрі импровизациялық бағыттаушы қызметін атқарады. Әуендік формулалар орындаушының сөзіне сәйкес динамикалық түрде өзгеріп, фразировканың қарқынын теңестіреді. Еуропалық slam форматында ритм дауыс интонациясы арқылы құрылады, ал rap battle-дарда beat-тің метрлік құрылымы flow-дың тұрақтылығын анықтайды. Jazz improvisation duels-терде әуендік және гармониялық жауаптар толық музыкалық импровизацияға құрылады. Мұндағы айырмашылықтар агонистиканың әр мәдениетте түрлі функция атқаратынын көрсетеді: айтыста музыкалық импровизация қоғамдық пікір қалыптастыру

механизміне айналса, рэп пен slam-де ритмикалық battle әлеуметтік қарсылық тілінің құралы, ал jazz improvisation duels-терде гармониялық импровизация кәсіби техникалық шеберліктің басты өлшеміне айналады.

Кесте 1. Айтыс түрлері және агонистикалық әсері

Айтыс түрі	Қысқаша сипаттама	Агонистикалық ерекшелік	Музыкалық құрылым (лад, ритм, фраза)	Импровизация деңгейі	Мысал
Сүре айтыс	Ұзақ, эпикалық айтыс	Төзімділік, білім, логикалық жүйелілік	Баяу темп, ұзын фразалар, пентатониялық лад, кеңтыныс	Өте жоғары	
Қайым айтыс	Қысқа рифмалық алмасу	Жылдам реакция, тапқырлық	Жылдам метр, синкопа, қысқа ритмдік формулалар	Жоғары	
Өтірік айтыс	Әзіл-сықақ, фантазия	Креатив, пародия	Еркін ырғақ, ирониялық интонация, акценттер	Орташа	
Жұмбақайтыс	Жұмбақ қою-шешу	Интеллектуалдық шиеленіс	Пауза, мелодиялық кернеу, акценттік фраза	Орташа	
Қыз бен жігіт айтысы	Диалогтық лирикалық сайыс	Этикалық тепе-теңдік, вербалды нәзіктік	Нәзік дыбыстау, орташа темп, лирикалық әуен	Орташа	
Бәдік айтысы	Емдік-магиялық	Ритуалдық агонистика	Монотонды ритм, қайталанбалы лад формулалары	Төмен	
Жар-жар	Қыз ұзату диалогы	Қоғамдық рөлдерді бекіту	Дәстүрлі рефрен, жәй ырғақ, диалогтық әуен	Төмен	

Осылайша музыкалық-поэтикалық агонистика бірте-бірте ойын-сауықтың мәдени түріне айналған еуропалық дәстүрлерден айырмашылығы, қазақ мәдениетінде айтыс қоғамдық диалог, өзекті оқиғаларды бағалау, мәдени тәрбие беру және этникалық бірегейлікті сақтау құралы ретінде өзінің бастапқы мәнін сақтап қалды. Бұл тірі дәстүр музыкалық бәсекелестіктің көркемдік көрінісінің бір түрі ғана емес, сонымен қатар мәдени есте сақтау мен сабақтастықтың маңызды механизмі екенін көрсетеді.

Еуропалық поэтикалық-музыкалық жарыстар тарихи тұрғыда айтыспен ұқсас болғанымен, олардың музыкалық құрылымы уақыт өте ритуалданған әрі канондалған сипат алды. Трубадур мен миннезингер поэзиясында алдын ала жазылған мелодиялық формалар басым болса, айтыс импровизациясының музыкалық құрылымы тірі, өзгермелі, қарсыластың сөзіне бірден жауап беретін

динамикалық табиғатымен ерекшеленеді. Poetry slam-дері перформативтік орындау құрылымы, rap battle-дағы beat пен flow, jazz improvisation-дағы гармониялық вариациялар осы тарихи айырмашылықтардың қазіргі көрінісі болып табылады.

Сонымен қатар, poetry slam заманауи Еуропада кең таралған. Бұл қозғалыс 1980 жылдары АҚШ-та бастау алып, 2000 жылдардан бері Германия, Франция, Ұлыбритания, Италия, Нидерланд және Швецияда ұлттық чемпионаттар мен лигалар жүйесі арқылы институционалдық сипатқа ие болып, тұрақты әдеби-сахналық кеңістікке айналды.

Poetry slam жарыстары тікелей музыкалық байқау болмаса да, олардың құрылымында сахналық қойылым, ырғақтық экспрессия және вербалды агонистика элементтері көрініс табады. Кейбір slam-фестивальдарда (мысалы, Франция мен Германияда) орындаушылар фондық музыкалық сүйемелдеу, beatboxing немесе ритмикалық синкопа тәсілдерін қолданады. Бұл олардың поэтикалық сайыс формасын айтысқа жақындата түседі. Сонымен қатар, poetry slam-нің әлеуметтік тақырыптарға, импровизацияға және тыңдарманмен тікелей өзара әрекетке құрылуы – қазақ айтысымен ортақ функционалдық сипаттарын көрсетеді. Осы тұрғыдан poetry slam заманауи Еуропадағы поэтикалық агонистиканың сахналық әрі мәдени жалғасы ретінде қарастырылуы орынды.

Қазіргі Еуропада музыкалық-поэтикалық импровизацияның жаңа формалары пайда болды. Испания мен Португалиядағы *repentismo*, Италиядағы *ottava rima contests*, Франциядағы *Grand Slam National*, Германиядағы *Slam Bundesliga* (2021–2024) — поэтикалық импровизацияны музыкалық ырғақпен біріктіретін қазіргі агонистикалық жанрлар. Бұл жанрларда импровизация деңгейі айтысқа қарағанда шектеулі болғанымен, олардың орындау құрылымы, сахналық бәсекелестік сипаты және кейбір жағдайларда көрермен бағалауы айтыспен типологиялық ұқсастықтар көрсетеді.

Агонистиканың музыкалық орындаушылық өнерге әсері оның орындаушының техникалық шеберін, импровизация қабілетін, музыкалық-ритмдік ойлауын және сахналық харизмасын дамытуымен көрінеді, ал көрерменнің белсенді қатысуы мен әлеуметтік бағалауы өнердің динамикасын қалыптастырады (2-ші кестені қараңыз).

2-ші кесте. Қазақ айтысы мен Еуропалық музыкалық-поэтикалық сайысу дәстүрлеріндегі агонистиканың салыстырмалы моделі

Критерий	Айтыс (Қазақстан)	Еуропалық дәстүрлер (трубадурлар, миннезингерлер, poetry slam, rap battles, jazz improvisation duels)
Шығу тегі мен тарихи дамуы	Түркі суырып салма дәстүрінен, жыраулық және руаралық сөз сайысынан бастау алады; өміршеңдігі үзілмеген, XX–XXI ғасырда телевизиялық, онлайн, халықаралық форматтарға ауысқан	Ежелгі грек агондары → орта ғасыр трубадурлары мен миннезингерлері → кейінгі кезеңде ритуалдану және канондану → XX–XXI ғасырлардағы жаңа формалар: poetry slam (1980-жылдардан бастап), rap battles, jazz improvisation duels.

Орындау формасы	Диалогтық импровизация; тікелей қарсы жауап беру; домбыра сүйемелі; көрермен алдында нақты уақытта өтеді	Орта ғасырда – алдын ала дайындалған мәтіндер; Қазіргі slam/rap – жартылай импровизация; jazz duels – таза музыкалық импровизация
Музыкалық құрылым (лад, ырғақ, фраза)	Ладтық негіз: қоңыр/пентатония; ырғақ – сөйлеу интонациясына негізделген; домбыра формулалары импровизацияға жағдай жасайды; фраза – қарсыластың мәтініне динамикалық жауап	Орта ғасыр – канондықладтар; Slam – мәтіндік ырғақ (spoken rhythm); rap battles – beat-ке негізделген метр; jazz – аккордтық прогрессияға сай импровизация
Агонистиканың рөлі	Қарсылас пен жарысу шеберлік, білім, риторика, музыкалық интуицияны дамытады; тыңдарман – төреші	Орта ғасырда – шеберлік сынағы; slam/rap – сахналық харизма, тілдік шапшаңдық, әлеуметтік позиция; jazz – техника + креативтілік жарысы
Техникалық жән екөркемдік шеберлікке әсері	Суырып салма ойлау, музыкалық фразировка, тарихи білім, риторика жетіледі	Slam – риторикалық экспрессия; rap – flow, punchlines; jazz – техникалық күрделілік; бірақ көбіне стильдік шектеулер бар
Импровизация деңгейі	Жоғары деңгей: мәтін, ырғақ, мелодиялық жауап толық импровизация	Poetry slam – орташа импровизация; rap battles – жартылай импровизация; jazz duels – жоғары импровизация; Орта ғасыр поэзиясы – төмен
Жаңа туындыларды тудыруы	Айтыс барысында жаңа мәтіндер, жаңа интонациялық үлгілер пайда болады; халықтық репертуарға енеді	Slam/rap – жаңа мәтіндер жасалады; jazz – жаңа соло үлгілері; Орта ғасыр дәстүрлерінде жаңа туындыдан гөрі канон басым
Репертуарды байыту	Айтыскерлердің әуендік, поэтикалық формулалары ел ішінде кең таралады	Slam/rap – жеке орындаушы репертуарын байытады; jazz – импровизациялық тіл дамиды; Орта ғасыр – формалар стандартталды
Әлеуметтік және мәдени функция	Қоғамдық пікір алаңы; әділетсіздік, тіл, тарих, саясат мәселелерін ашық айтады; әлеуметтік катарсис	Poetry slam – жастар дискурсы, гендерлік/саяси тақырыптар; rap – әлеуметтік қарсылық; jazz – эстетикалық жарыс; Орта ғасыр – сарай мәдениеті
Институционалдықдамуы	Айтыс мектептері, оқу курстары, тележобалар, халықаралық фестивальдар, ЮНЕСКО мұра тізімі	Poetry slam – ұлттық чемпионаттар; rap battles – коммерциялық лига; jazz festivals – конкурстық формат; Орта ғасыр дәстүрі – музейленген
Қазіргі қоғамдағы орны	Тірі мәдени институт; медиа арқылы кеңейген; жастар арасында танымал; ұлттық бірегейлік маркері	Slam/rap – урбандық мәдениет тренді; jazz – кәсіби ортада; орта ғасыр пішіндері – фольклорлық реконструкция ғана
Өміршеңдігінің себептері / әлсіреу себептері	Айтыстың өміршеңдігі: қоғам мен тікелей байланыс, импровизация еркіндігі, ұлттық жад пен сабақтастық, әлеуметтік рөлі	Еуропада әлсіреу себептері: ритуализация, канонизация, музыканың кәсібиленуі, поэзияның жазбаша форматқа көшуі; Бірақ slam/rap – жаңа формада қайта жандану
Бәсекелестік логикасы	«Сөз жеңеді» моделі: дәлел, тапқырлық, музыкалық экспрессия	Slam – көрермен дауыс береді; rap – punchline vs punchline; jazz – техника vs креатив
Көрермен рөлі	Тыңдаушы – негізгі төреші; реакция өнердің бағытын өзгертеді	Slam – көрермен дауысымен жеңімпаз анықталады; rap – зал реакциясы шешуші; орта ғасырда – төрешілер

Музыкалық-сахналық бейімделу	Телевизиялық айтыс, онлайн айтыс, халықаралық айтыс	Slam – медиаға бейім; rap battles – YouTube/streaming; jazz battles – фестиваль сахнасы
Интонациялық модельдер	Сөйлеу интонациясына негізделген толқынды фразалар	Slam – дауыс акценттері; rap – punchline intonation; jazz – blue-notes, chromatic runs

Еуропалық дәстүрлер (трубадурлар, миннезингерлер және т. б.) орта ғасырларда шарықтау шегіне жетеді, бірақ содан кейін қоғамдық маңыздылығын жоғалтады – қазіргі уақытта және әсіресе қазіргі уақытта олар тек конкурстар немесе қайта құру түрінде қалады.

Ал қазақ айтысы, керісінше, эпикалық бастаулардан бүгінгі күнге дейін, ол әлі тірі, танымал, институттандырылған (тележобалар, фестивальдар) және әлеуметтік маңызды рөл атқаратын үдемелі өсуді көрсетеді.

Сонымен қатар, айтыс бүгінгі күні қазақ қоғамындағы өзекті мәселелерді еркін көтере алатын сирек алаңдардың бірі ретінде ерекшеленеді. Ақындар әлеуметтік әділетсіздік, жемқорлық, жастардың болашағы, ұлттық тіл мен рухани құндылықтар сияқты күрделі тақырыптарды ашық түрде қозғайды, бұл оның қоғамдық дискурстағы маңыздылығын арттыра түседі.

Сондай-ақ, айтыстың институттандырылуы – арнайы оқу курстары, балалар мен жасөспірімдер арасындағы айтыс мектептері, ұлттық деңгейдегі фестивальдар арқылы – оны тұрақты мәдени механизм ретінде қалыптастырып отыр. Бұл – мәдени мұраны сақтап қана қоймай, оны дамытудың тиімді жолы. Осылайша, айтыс Еуропадағы аналогиялық жанрлардан айырмашылығы – мәдени құбылыс ретінде үзілмей, керісінше, жаңа қоғамдық шарттарға икемделіп, өз маңызын арттыра түскен сирек феномен болып отыр.

Айтыстың әлеуметтік маңыздылығы оның музыкалық табиғатымен де тығыз байланысты. Интонацияның жоғары-төмен ауысуы, тембрлік акценттер, домбыраның экспрессивті тұстары ақынның позициясын күшейтіп, әлеуметтік пікірдің эмоционалдық ықпалын арттырады. Бұл айтысты тек сөз сайысы емес, музыкалық-поэтикалық қоғамдық диалог алаңы ретінде сақтап отыр.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері қазақ айтысы мен Еуропадағы музыкалық-поэтикалық сайысу дәстүрлерінің агонистикалық табиғатын музыкалық, құрылымдық және перформативтік деңгейлерде салыстыруға мүмкіндік берді. Айтыстың импровизацияға негізделген ладтық, ырғақтық және интонациялық жүйесі оның бәсекелік поэтикасының тұрақты өзегін құрайтыны анықталды. Домбыра сүйемелінің пульсациялық құрылымы, сөйлеу интонациясына негізделген фразировка және қарсыластың сөзіне жедел музыкалық жауап беру – айтыстың ғасырлар бойы сақталған музыкалық моделінің негізгі компоненттері.

Еуропалық дәстүрлерде (poetry slam, rap battles, jazz improvisation duels) агонистиканың көрінісі әртүрлі деңгейде байқалғанымен, олардың барлығы ритм, дауыс акценттері, flow немесе гармониялық импровизация сияқты музыкалық параметрлерге сүйенеді. Алайда тарихи перспективада бұл формалар ритуализация

мен канондалу үрдісін бастан кешіріп, айтысқа тән қоғамдық диалогтық функцияны толық сақтай алмады.

Қазақ айтысының өміршеңдігі оның мәдени және әлеуметтік рөлдерінің кеңдігімен байланысты. Айтыс бүгінгі күні де қоғамдық пікір қалыптастыру, әлеуметтік сын айту, ұлттық жақты жаңғырту және мәдени сабақтастықты сақтау тетігі ретінде қызмет етеді. Музыкалық импровизацияның динамикалық құрылымы айтыстың әлеуметтік мазмұнды еркін жеткізуіне жағдай жасайды және оны қазіргі сахналық форматтарға бейімделуге қабілетті етеді.

Зерттеудің ғылыми маңызы – музыкалық агонистиканы кросс-мәдени модель ретінде қарастыру арқылы айтыстың музыкалық құрылымын жаңа интерпретацияда талдау; практикалық маңызы – айтыс пен заманауи импровизациялық жанрларды салыстырмалы оқыту мен мәдени жобаларда пайдалану мүмкіндіктерін көрсету. Алынған нәтижелер этномузыкатану, өнертану және мәдениеттану салаларындағы болашақ зерттеулерге әдіснамалық негіз бола алады. Қазақ айтысының музыкалық жүйесін (ладтық тіректер, каденциялық формулалар, интонациялық типтер) Еуропаның заманауи импровизациялық сахналарымен салыстыру айтыстың тек тарихи феномен емес, жаһандық агонистикалық мәдениеттің ерекше үлгісі екенін көрсетеді. Айтыстың музыкалық-поэтикалық тұтастығы оның өміршеңдігін қамтамасыз ететін негізгі фактор болып табылады. Бұл нәтижелер музыкалық агонистиканы әмбебап мәдени механизм ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

ДӘЙЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

Bergamin, Joshua. "Habitually Breaking Habits: Agency, Awareness, and Decision-Making in Musical Improvisation." *Phenomenology and the Cognitive Sciences*, 2024, DOI: <https://doi.org/10.1007/s11097-024-09974-x>. (Ағылшынша)

Davis, Camea. "Writing the Self: Poetry, Youth Identity, and Critical Poetic Inquiry." *Art/Research International: A Transdisciplinary Journal*, vol. 3, no. 1, 2018, pp. 114–131. (Ағылшынша)

Diaz Abraham, Veronika, et al. "Musical Improvisation: A Mixed Methods Study on Social Interactions in Younger and Older Adults." *Nordic Journal of Music Therapy*, vol. 32, no. 34, 2022, pp. 1–19, DOI: <https://doi.org/10.1080/08098131.2022.2055115>. (Ағылшынша)

Fisco, Eleonora. "Frame Analysis of Poetry Slam." *Audioliterary Poetry between Performance and Mediatization*, edited by Marc Matter, Henrik Wehmeier, and Clara Cosima Wolff, Berlin, Boston: De Gruyter, 2024, pp. 93–112, DOI: <https://doi.org/10.1515/9783111561356-005>. (Ағылшынша)

Garda, Michela. "Time, Risk and Control in Musical Performance Practices." *Philosophies*, vol. 10, no. 1, article 20, 2025, DOI: <https://doi.org/10.3390/philosophies10010020>. (Ағылшынша)

Heasman-Cossins, Christabel, et al. "Using Vocal Improvisation Within the Vocal Coaching Studio to Mitigate Music Performance Anxiety: An Exploratory Study of Three Cases." *Music & Science*, vol. 8, 2025, DOI: <https://doi.org/10.1177/20592043251327047>. (Ағылшынша)

Mursalimova, Nurgul, and Aigerim Oralbek. "Characteristics of the Aitys Genre among Kazakh and Turkish People." *Keruen*, vol. 80, no. 3, 2023, pp. 140–150, DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-12>. (Ағылшынша)

Nozawa, Takayuki, Madalina I. Sas, and Henrik J. Jensen. "Multiscale Synchronisation Dynamics Reveals the Impact of an Improvisatory Approach to Performance on Music Experience." *Scientific Reports*, vol. 15, article 10097, 2025, DOI: <https://doi.org/10.1038/s41598-025-90271-1>. (Ағылшынша)

Sayers, Emily. "Pedagogical Strategies for the Development of Improvisation and Composition in North Indian Classical Music." *Frontiers in Psychology*, vol. 16, article 1460158, 2025, DOI: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2025.1460158>. (Ағылшынша)

Shangirbayeva, Beibit. "'The Freedom of a Fair Word': The Roots of Human Rights Discourse in Kazakh Cultural Heritage." *Central Asian Survey*, vol. 42, no. 3, 2023, pp. 444–460, DOI: <https://doi.org/10.1080/02634937.2023.2192742>. (Ағылшынша)

Thomas, Helen. "Intersecting Practices and Traditions in Poetry Performance: Interviews with Suhaiymah Manzoor-Khan, Anthony Joseph and Marsha Prescod." *Open Library of Humanities*, vol. 11, no. 1, 2025, pp. 1–14, DOI: <https://doi.org/10.16995/olh.23434>. (Ағылшынша)

Tryggvason, Ásgeir. "Agonistic Teaching: Four Principles." *Journal of Curriculum and Pedagogy*, vol. 22, no. 2, 2025, pp. 279–299, DOI: <https://doi.org/10.1080/15505170.2023.2284694>. (Ағылшынша)

Vobig, Bastian. "A Computational Approach to Interaction Type Analysis of Music Therapy Improvisations." *Music & Science*, vol. 8, 2025, DOI: <https://doi.org/10.1177/20592043251329233>. (Ағылшынша)

Wehmeier, Henrik. "Professional Amateurship and Haptic Intensity: Poetry Slam on YouTube." *Audioliterary Poetry between Performance and Mediatization / Audioliterale Lyrikzwischen Performance und Mediatisierung*, edited by Marc Matter, Henrik Wehmeier, and Clara Cosima Wolff, Berlin, Boston: De Gruyter, 2024, pp. 235–252, DOI: <https://doi.org/10.1515/9783111561356-012>. (Ағылшынша)

Yerlanova, Aigul, et al. "Aitys as a Cultural Phenomenon: Historical Development and Contemporary Significance." *Forum for Linguistic Studies*, vol. 7, no. 3, 2025, pp. 863–873. (Ағылшынша)

Zhalgasbayeva, Kanagat. "Development of Internet Aitys in Kazakhstan". *Milli Folklor*, vol. 18, no. 143, 2024, pp. 99–110, DOI: <https://doi.org/10.58242/millifolklor.1316671>. (Ағылшынша)

Кожаметова, Жангул. *Музыка казахского айтыса [Қазақ айтысының музыкасы]*. 2010, Алматы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, өнертану кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. 24 б. (Орысша)

Тұрсынов, Едіге. *Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері*. Алматы, Ғылым, 1976. 200 б.

REFERENCES

- Bergamin, Joshua. "Habitually Breaking Habits: Agency, Awareness, and Decision-Making in Musical Improvisation." *Phenomenology and the Cognitive Sciences*, 2024, DOI: <https://doi.org/10.1007/s11097-024-09974-x>.
- Davis, Camea. "Writing the Self: Poetry, Youth Identity, and Critical Poetic Inquiry." *Art/Research International: A Transdisciplinary Journal*, vol. 3, no. 1, 2018, pp. 114–131.
- Diaz Abrahan, Veronika, et al. "Musical Improvisation: A Mixed Methods Study on Social Interactions in Younger and Older Adults." *Nordic Journal of Music Therapy*, vol. 32, no. 34, 2022, pp. 1–19, DOI: <https://doi.org/10.1080/08098131.2022.2055115>.
- Fisco, Eleonora. "Frame Analysis of Poetry Slam." *Audioliterary Poetry between Performance and Mediatization*, edited by Marc Matter, Henrik Wehmeier, and Clara Cosima Wolff, Berlin, Boston: De Gruyter, 2024, pp. 93–112, DOI: <https://doi.org/10.1515/9783111561356-005>.
- Garda, Michela. "Time, Risk and Control in Musical Performance Practices." *Philosophies*, vol. 10, no. 1, article 20, 2025, DOI: <https://doi.org/10.3390/philosophies10010020>.
- Heasman-Cossins, Christabel, et al. "Using Vocal Improvisation Within the Vocal Coaching Studio to Mitigate Music Performance Anxiety: An Exploratory Study of Three Cases." *Music & Science*, vol. 8, 2025, DOI: <https://doi.org/10.1177/20592043251327047>.
- Kozhakhmetova, Zhangu. *Muzyka kazakhskogo aitysa [Music of Kazakh Aitys]*. 2010, Almaty, Kurmangazy Kazakh National Conservatory, PhD thesis's abstract. (In Russian)
- Mursalimova, Nurgul, and Aigerim Oralbek. "Characteristics of the Aitys Genre among Kazakh and Turkish People." *Keruen*, vol. 80, no. 3, 2023, pp. 140–150, DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-12>.
- Nozawa, Takayuki, et al. "Multiscale Synchronisation Dynamics Reveals the Impact of an Improvisatory Approach to Performance on Music Experience." *Scientific Reports*, vol. 15, article 10097, 2025, DOI: <https://doi.org/10.1038/s41598-025-90271-1>.
- Sayers, Emily. "Pedagogical Strategies for the Development of Improvisation and Composition in North Indian Classical Music." *Frontiers in Psychology*, vol. 16, article 1460158, 2025, DOI: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2025.1460158>.
- Shangirbayeva, Beibit. "'The Freedom of a Fair Word': The Roots of Human Rights Discourse in Kazakh Cultural Heritage." *Central Asian Survey*, vol. 42, no. 3, 2023, pp. 444–460, DOI: <https://doi.org/10.1080/02634937.2023.2192742>.
- Thomas, Helen. "Intersecting Practices and Traditions in Poetry Performance: Interviews with Suhaiymah Manzoor-Khan, Anthony Joseph and Marsha Prescod." *Open Library of Humanities*, vol. 11, no. 1, 2025, pp. 1–14, DOI: <https://doi.org/10.16995/olh.23434>.
- Tryggvason, Ásgeir. "Agonistic Teaching: Four Principles." *Journal of Curriculum and Pedagogy*, vol. 22, no. 2, 2025, pp. 279–299, DOI: <https://doi.org/10.1080/15505170.2023.2284694>.
- Turssynov, Yedige. *Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері [The Ancient Representatives of Kazakh Oral Literature]*. Almaty, Gylym, 1976. (In Kazakh)
- Vobig, Bastian. "A Computational Approach to Interaction Type Analysis of Music Therapy Improvisations." *Music & Science*, vol. 8, 2025, DOI: <https://doi.org/10.1177/20592043251329233>.

Wehmeier, Henrik. "Professional Amateurship and Haptic Intensity: Poetry Slam on YouTube." *Audioliterary Poetry between Performance and Mediatization / Audioliterale Lyrikzwischen Performance und Mediatisierung*, edited by Marc Matter, Henrik Wehmeier, and Clara Cosima Wolff, Berlin, Boston: De Gruyter, 2024, pp. 235–252, DOI: <https://doi.org/10.1515/9783111561356-012>.

Yerlanova, Aigul, et al. "Aitys as a Cultural Phenomenon: Historical Development and Contemporary Significance." *Forum for Linguistic Studies*, vol. 7, no. 3, 2025, pp. 863–873, DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v7i3.8596>.

Zhalgasbayeva, Kanagat. "Development of Internet Aitys in Kazakhstan". *Milli Folklor*, vol. 18, no. 143, 2024, pp. 99–110, DOI: <https://doi.org/10.58242/millifolklor.1316671>.